



Газет 1948 ж. сәуірінен шыға бастады

# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 6-7  
(1279)  
маусым,  
шілде  
1999 жыл



## Мұхаммед Хайдар Дулатидың туғанына 500 жыл

Үстіміздегі жылы ЮНЕСКО шешімімен әлемдік қауымдастық көрнекті мемлекет қайраткері, ойшыл, тарихшы және жазушы Мұхаммед Хайдар Дулатидың туғанына 500 жыл толуын атап өтуде.

Осы айтулы оқиғаға орай “Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы.” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ЮНЕСКО, ҚазМУ, Орталық Азия елдері мәдени Ассамблеясының ұйымдастыруымен университет қабырғасында өтті. Конференцияға ҚазМУ-дің, М.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің, Түркия, АҚШ, Иран елдерінің ғалымдары қатысты.

Конференцияда ректор К.Н.Нәрібаевтың жасаған баяндамасының ықшамдалған мәтінін беріп отырмыз.



К.Н.Нәрібаев,  
ректор.

### Тарихшы. Ақын. Қолбасшы. Қайраткер.

Қадірлі қауым, құрметті қонақтар!

Тоталитарлық жүйе тұсында тіліміз бен дініміз ғана емес, сондай-ақ халқымыздың тарихы мен әдебиеті де қиянатқа ұшырағаны мәлім. Соның салдарынан да болар, күні кешеге дейін даламыздың талай асыл даналарын тани алмай, олардың жазба жәдігерлігін игеру түгілі, біздікі деуге де именіп келдік.

Соның бірі, әрі бірегейі - ХҮІ ғасыр тұлғасы (1499 ж. туылған), қазақ Геродоты атанған тарихшы, ірі мемлекет қайраткері, қолбасшы, ақын әрі дипломат Мұхаммед Хайдар Дулати еді. Ол қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтары ұлт болып қалыптаса бастаған кезде ғұмыр кешті. Бұл дәуір феодалдық соғыстардың жиілей түскен шағы болғандықтан, оның өмірінің көпшілік бөлігі Орталық Азия мен Ауғанстан, Қашғария мен Тибет, Бадахшан, Үндістан арасында ат үстінде, жорықта өтті.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың Орталық Азия халықтарының ХІІІ-ХҮІ ғасырлардағы

тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы өзі көрген, естіген, куәсі болған хәм басқа да жәйттерді баяндайтын “Тарихи Рашиди” атты классикалық тарихи шығармасы мен “Жабаннаме” атты поэмасы - әлеуметтік, тарихи маңызы өлшеусіз зор мәдени ескерткіштер. Қазақстан мен Орта Азия елдерінің тарихын зерттеушілердің, сондай-ақ түркі тектес халықтардың мәдениетін зерделеген Европа ғалымдарының ешқайсысы да “Тарихи-Рашидиге” сүйенбей, оған жүгінбей қалған жоқ, кете алмайды да.

Міне, осылай, қазақ ғылымы мен мәдениеті, тарихы мен әдебиетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан халқымыздың біртуар тарланбозы Мұхаммед Хайдар Дулатидың туылғанына биыл 500 жыл толып отыр. Бұл айтулы мереке ЮНЕСКО-ның жоспарына кірді.

(Жалғасы 3-4-беттерде).

## 28 маусым - Қазақстан Журналистері күні!

Жұрттың жұттың!

Мемлекет мүддесіне халық үшін қызметке қызу араласқан қауырсын қалам иелері - журналистер қауымының қиын да қызықты мамандығының маңызы күн сайын артып келе жатқаны ақиқат. Осы орайда қазақстандық БАҚ мамандарының алтын ұя-мектебі университетіміздің журналистика факультеті болып келе жатқанын орынды мақтаныш етеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық университетінің түлектері өз елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де адамзаттық ар-ождан арашашысы атын абыроймен асқақтатып келеді.

Бүгінгі 28 маусым - Қазақстан журналистерінің төл мерекесінің күнімен университетімізде еңбек етіп жатқан баспасөз мамандарын, еліміздегі беделді кәсіптік-білім ордасы - журналистика факультетінің оқытушыларын, болашақ мамандар - студенттерді осы мерекелерімен университет ұжымы атынан шын жүректен құттықтаймын!

Зор денсаулық, отбасыларыңыздың амандығын және шығармашылық табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық университетінің ректоры К.НӘРІБАЕВ.

15-бетте

### Қадірлі талапкер!

Өзіне арналған газетіміздің бұл санынан оқуға түсуіне қажетті мәліметтерді оқи аласың. Болашақ мамандығыңды дұрыс тандап, қалаған оқуыңа түсуіне тілектеспіз.

### Дорогой абитуриент!

Этот номер посвящается тебе, по-этому на страницах нашей газеты ты сможешь найти все, что тебя интересует об обучении в КазГУ.

“Қазақ университеті”



## Ақпарат-айдын

### Ұлы ғұламаға - ұрпақтар тағзымы



*ЮНЕСКО деңгейінде аталынып жатқан мерейлі оқиғаны еліміздің барлық мекемелерінде өткізу орынды екені анық. Оның "Тарих-и-Рашиди" және "Жабаннаме" еңбектері ХҮІ ғасырдағы Орта Азия тарихының баға жетпес асыл қазынасы ретінде дүние жүзінде танылса да, осы еңбектері әлі күнге дейін қазақша басылып шықпауы қазақ қауымына деген үлкен сын болып табылатыны да ғалымдар назарынан тыс қалмады. ҚазМУ ректоры К.Нәрібаев, Қазақстан Жазушылар Одағы Басқармасының бірінші*

хатшысы Н.Оразалин, зерттеуші-ғалымдар М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Л.Бақаев, М.Қазыбек және т.б. ұлы ойшыл мұрасының сан қырына тоқталды. Оның еңбектері Қазақстан, Қырғызстан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Тибет және Үнді халықтарының мәдениеті мен тарихы бойынша тұлғасына ретінде танылады.

Конференцияда М.Х.Дулати және оның заманы, "Тарих-и-Рашиди" еңбегі, Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлардағы тарихы мәселелері, оның заманындағы әдеби зерттеулер, философиялық көзқарастары, педагогикалық ойлары, әдеби еңбектерінің тілі мен стилі, М.Х.Дулатидың "Тарих-и-Рашиди" еңбегі Қазақстан мен Орта Азия тарихы бойынша зерттеу көзі сынды тың тарихи көзқарастар тұрғысынан талданған мәселелер көпшілікке ұсынылды.

*Б.Белғара.*

### Қазақ тілі - ғылым тілі болуы қажет



*Университетімізде өткен "Тіл үйретудің практикалық проблемалары" атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы жоғары оқу орындарында тіл үйретуге байланысты көптеген мәселелерге жауап берген шара болғаны анық.*

Конференцияны ашқан университет проректоры Е.Б.Жатқанбаев қазақ тілінің дамуына, оның барлық пәндер бойынша оқыту тілі болуына және студенттердің шетел тілдерін оқып-үйренулеріне университет тарапынан зор көңіл бөлініп отырғанына тоқталды. Жалпы, еліміздің бас білім ордасында іс-қағаздарын мемлекеттік тілде

жүргізуден бастап, оқу ордасында қазақ тілінің шығармашылық ахуалы қалыптасып отырғаны анық.

Белгілі ғалым, тіл жанашыры Бақытжан Хасанов ендігі жерде алдағы тұрған келелі міндет қазақ тілін ғылым тілі ету ғалымдардың парызы екендігіне және тіл саясатының ұлттық мүддені қорғаушы демократиялық жағдайда жүргізілуіне жан-жақты талдау жасады.

Конференцияда тіл қузыры және әлеуметтік міндеттері, аударма, екінші тіл үйрену, орыс бөлімдерінде және жаратылыстану факультеттерінде студенттердің сөздік қорын байыту, қазақ тілін оқытуды жетілдіру және басқа көптеген салаларға байланысты жас ғалымдар мен ұстаздар пікірлері, зерттеулері айтылды.

### Ураз Джандосов - выдающийся государственный деятель



*19 июня прошла научная конференция на тему: "Ураз Джандосов - выдающийся государственный деятель и просветитель", посвященная 100-летию со дня рождения У.Джандосова.*

Открывая конференцию, ректор КазГУ К.Нарибаев сказал, что Ураз Джандосов - один из наиболее ярких и, пожалуй, еще до конца достойно не оцененных казахских политиков из той плеяды интеллигентов, которые были подняты на политический Олимп молодого казахского

государства в начале нынешнего века.

Конференция работала по двум секциям. В первой, посвященной историческим исследованиям, уточнялись некоторые факты из политической биографии Ураза Джандосова. Особый интерес вызвали выступления Т.Омарбекова, известного историка, Р.С.Сариевой, директора ЦГА РК, Л.Д.Дигитасовой, директора Архива Президента РК и Р.Бердигалиевой, директора Национальной библиотеки.

Кроме научных исследований на конференции звучали стихи, посвященные достойному сыну народа, из уст таких поэтов, как Т.Молдағалиев, О.Асқар и внучки Ураза Джандосова - Г.Джандосовой.

Конференция в КазГУ является первой в ряду мероприятий, посвященных столетию выдающегося государственного деятеля и просветителя.

*ҚазМУ-дің баспасөз қызметі.*

### Конференция на химфаке

*27-28 мая на химическом факультете КазГУ им. аль-Фараби прошла конференция молодых ученых "Химии XXI века", посвященная 100-летию со дня рождения выдающегося ученого, основателя и первого президента АКАУ наук Казахстана, академика К.И.Сатпаева.*

Конференцию открыл зам.декана по научной работе химического факультета КазГУ им. аль-Фараби, кандидат химических наук, доцент Ж.Б.Бакенов. Доклад о жизни, научной деятельности и роли академика К.И.Сатпаева в развитии химической науки сделал ответственный секретарь конференции, доктор химических наук, профессор А.Нухулы. Затем своими воспоминаниями о К.И.Сатпаеве поделились доктор химических наук, профессор Х.К.Оспанов, ученик К.И.Сатпаева д.г.-м.н., проф. Э.И.Файн. Звучали и стихи, посвященные великому сыну казахского народа. Внук К.И.Сатпаева - лауреат государственной молодежной премии "Дарын", к.х.н. Е.О.Батырбеков выступил с докладом на тему: "Академик К.И.Сатпаев и химия высокомолекулярных соединений в Казахстане".

*А.НУХУЛЫ.*

### 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

### Бала мерекесі - ата-ана мерекесі

*Әр мерекені атаусыз қалдырмайтын біздің университетіміз, бұл күнге де үлкен дайындықпен келді.*

Әр факультетте университет қызметкерлерінің балалары арасында қол өнерінен, сурет салудан жарыстар өткізілді. Алдын-ала мерекелік бағдарламаға шақырған жарнамалар ілініп, әлеуметтік жағынан қорғалмаған 199 жанұяға, әсіресе, көп балалы, мүгедек балалары бар және жалғыз басты аналардың әрқайсысына 3000 теңге көлемінде көмек берілді.

Істің басы-қасында болған әлеуметтік және экономикалық мәселелер жөніндегі проректор З.Н.Мырзабеков мерекенің жақсы өтуіне және қызметкерлерге барлық жағдай жасау мақсатында моральдық тұрғыдан да, қаржылай да көп көмек көрсетті.

Бағдарламаның ашылу салтанатында күні бұрын өткізілген сурет салу, қолөнер жарысында кезге түскен 30 бұлдіршіште мақтау қағазы берілді. Салтанатты марапаттау, студенттер клубы мен өзімізге танылған Н.Н.Гизатуллина жетекшілік ететін "Спектр" тіл тобының күшімен дайындалған концерт балаларды бір серпілтсе, Ф.Мүсірепов атындағы академиялық жастар мен балалар театрының "Бәрінен күшті - қорқақ көжек" қойылымы олардың зор ықыласына ие болды.

Осы бағдарламаның басы-қасында жүріп, мен К.Н.Нәрібаев ағамыз басқарып отырған үлкен шаңырағымыздың өз қызметкерлеріне деген қамқорлығы мен жанашырлығының тағы да бір куәсі болдым.

*Н.ҚАРАҒОЙШИНА.*



Мұхаммед Хайдар Дулатидың туғанына 500 жыл

## Тарихшы. Ақын. Қолбасшы. Қайраткер.

(Жалғасы. Соңы 4-бетте).

оны билеген Тұғылық Темір, Уәйіс хан, Жүніс хандардың саяси қатынасына, елдің жағдайына, олардан бұрынғы Жетісу мәдениетіне, қазақ хандығы тарихына тоқталады. Екінші кітап көлемі жағынан біріншіден төрт еседі үлкен. Бұл - түгелдей мемуарлық шығарма, сондықтан да ол ХҮІ ғасырдағы естелік шығармалардың озық үлгісі болып табылады. "Тарихи Рашидидің" тарихи және естелік бөліктері - бір-бірінен бөлінбес бір бітім. Екеуі үнемі бірін-бірі толықтырып отырады. Бірінші дәптердің кіріспесінде Мұхаммед Хайдар Дулати кітаптың "Тарихи Рашиди" аталуының үш түрлі себебін атайды. "Әуелі Тұғылық Темірді ислам дініне құлшылық еткізген шейх Аршад-аддинге бағыштадым; халқын ақиқат жолына (рушд) бастаған Тұғылық Темірге бағыштадым; үшіншісі Моғолстан ханы Әбдірашидтің күрметіне бағыштадым".

Мүметті зиялы қауым!

Мұхаммед Хайдар Дулати - ғұлама тарихшылығымен бірге көрнекті ақын, белгілі әскери қолбасшы, ірі мемлекет қайраткері. Ол - тек қазақ халқы ғана емес, бүкіл Шығыс мәдениеті мен ғылымына өлшеусіз үлес қосқан білімпаз жан. Әйтсе де, ұлы ғұламаның 500 жылдығы - біздер үшін, қазақ халқы үшін, аса зор қуаныш, әрі үлкен міндеттерді алға тартатын асқарлы кезең. Әлемге әйгілі ғұлама өмірінің белгісіз жақтарын, тарихи еңбегі мен бізге жеткен ақындық мұрасын, данагөй ой толғамдарын тереңдей аршып, жан-жақты зерттеп, олардың жедел жарық көруіне мемлекеттік тұрғыдан мән беру - кезек күттірмес күрделі әрі маңызды мәселе.

Мұхаммед Хайдар Дулати небәрі 52 жас жасаған өз ғұмырында сан қилы тарихи оқиғалар куәгері әрі терең таным, биік парасат иесі бола жүріп, өмір, адам мен заман туралы шешетей ескерткіш жасады, ұрпағына өлмейтуғын сөз қалдырды. Оның тоғыз жасынан басталған жиянғездік өмірі әлемді шарлаумен өтті. 1509 жылы әкесінен айырылған соң, Бұқарадан Кабулға басталған бұл сапар өмірінің соңына дейін созылып, оның естігі Бентгалияға, батысы Иран мен Түркияға, шығысы Қытай мен Туранға дейінгі аймақты қамтиды. Мұның ішінде Қашқарияда 19 жыл тұрақтап, Кашмирді 10 жылдан астам биледі.

Мұхаммед Хайдар Дулати Ташкентте туып, Кашмирде дүниеге салып, жарты әлемді шарлағанымен, өзінің өскен өлкесін, туған елін еш естен шығармаған. Оны тарихқа алып келген де, тарихшы еткен де ең алдымен туған жеріне деген ыстық ықыласы. Бұл - елін сүйген әрбір азамат үлгі тұтар, ұрпағына өсиет етер асыл қасиет. Мұндай ұлы сезімнің еліміз тәуелсіздік алған бүгінгі тұстағы күдіреті тіпті асқақтай түспек.

Жастай талантпен танылған Мұхаммед Хайдар Дулатидің алғашқы ұстазы ретінде кейбір (ағылшын ғалымы Ч.А.Сторн) Мұхаммед Самарқанди атты оқымыстыны атағанымен, негізгі ұстазының бірі Захриддин Бабыр екені сөзсіз. Жалпы бала жастың бойындағы бұйығы бұлақтың көзін ашып, ғылымға деген оятқан да осы Бабыр. Өзінің атакты "Бабырнамасында" ол шәкіртінің азамат болғанына қуана отырып: "Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын иуге қолының ебі бар. Он саусағынан өнері тамған жігіт. Ақындық дарыны да бар еді. Ол менен көшірім сұрап хат жазыпты, сөз саптауы тәуір..." - деп, бала Мұхаммедтің ерекше қабілеттілігін баса көрсетіп, келешегінен үлкен үміт күтеді. Бабырдың үміті ақталды. Мұхаммед Хайдар ғалымдығының дәлелі - таңғажайып тағлымды еңбек - "Тарихи рашиди", ақындығының айғағы - "Жабаниаме" атты дастан.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзін ысылтқан отты жорықтарға да алғаш рет осы Захриддин Бабырдың қасында болған жылдары қабысып, кейінгі әскери қолбасшылық тәжірибесінің

қалыптасуына жол ашады. Ол 1524-1525 жылдардағы Моғолстандағы қырғыздарға жасаған екі жорығына, 1527-1528 жылдарда Кәпірстанға (Ауғанстанның солтүстігі), 1528-1530 жылдары бадахшанға, 1532 жылы Кіші Тибетке жасаған әскери жорықтарға тікелей басшылық етіп, ірі жеңістерге қол жеткізді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің білікті қолбасшылық қабілетімен бірге алғыр мәмлегерлігі, көреген саясаткерлігі Кашмир уалаятын басқарған кезде айқын танылады. 1533 жылы 10 мың қосынмен Кашмирді алып, қолбасшылық талантын танытқан Мұхаммед Хайдар Дулати Қашқардан Үндістанға келгенде, Бабыр балаларының көмегі мен өзінің көреген саясаткерлігінің арқасында Кашмир өлкесін бейбіт жолмен алады. Ал өзі басқарған өлкеге қауіп төнгенде, Үндістан билеушісі Шерхан жіберген Қажы шах әскерін тас-талқан етіп, қолбасшылық даңқын тағы да асырады. Өзінің ақылдылығы, алғырлығы, батылдығы арқасында өлке билігін қолға алған соң, ол өткен өмір жолын ой елегінен өткізіп, өзіне дейінгі бабалар заманындағы күрделі тарихи оқиғаларды екшеп, кейінгі ұрпаққа саликалы мұра қалдыру мақсатында ой еңбегімен айналысады. Оның ірі нәтижесі "Тарихи Рашиди" еді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Тарихи Рашиди" атты еңбегі ұзақ уақыт бойы әлем ғалымдарының назарын аударып, түркі халықтары тарихының басты дерек көзі ретінде тарихи шынайылығы мен шындығы тұрғысынан өзіне тәнті етіп келеді. Бұл еңбектің құндылығы, ең алдымен, шыншылдығы мен мемуарлық сипатында. Мұхаммед Хайдар Дулати өзі көрген, өзі араласқан оқиғаларды хатқа түсіріп, естіген, оқыған-білгендері арқылы оны толықтырып, соның бәрін әдемі әдеби тілмен жеткізе білген.

Бұл айтулы еңбек Шығысқа кеңінен таралып, кейінгі шығыс ғалымдары Орталық Азия, Шығыс Түркістан жайлы тарихи, этнографиялық және жағырапиялық дерек көздерін негізінен осы еңбектен алып отырды. Ал Европа ғалымдары Мұхаммед Хайдардың "Тарихи Рашиди" атты еңбегімен 1895 жылы шыққан Е.Д.Росстың ағылшын тіліндегі аудармасы бойынша танысып, оның ғылыми құндылығын жоғары бағалады. Кезінде белгілі шығыстанушы Бартольдтың бұл аудармаға рецензия жазып, оның тарихи маңызы мен мәнін ашып көрсетіп, кейбір ескертпелер айтқаны белгілі. Сонымен бірге Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегі В.В.Бартольдтың бірнеше зерттеу еңбектеріне негіз болып, оның Орталық Азия халықтарының саяси, мәдени тарихына бағытталған ғылыми еңбектерінің бағдаршамы іспетті болды.

"Тарихи Рашидиді" Мұхаммед Хайдар Дулати Кашмирде 1544-1546 жылдар шамасында жазған. Ол екі бөлімнен, екі дәптерден, яғни екі кітаптан тұрады. Біріншісінде Мауернаардегі Шағатай әулеті қуған мемлекеттің тарихы, Моғолстан деген атпен белгілі болған дербес мемлекеттің негізі қалануы жайлы баяндайды. Сонымен бірге

Мұхаммед Хайдар Дулати ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихын, соның ішінде хандықтың құрылу тарихын арғы Моғолстан мемлекетінің өмірімен тікелей байланыста алып қарастырады. Оған "Қазақтар, олардың билеушілерінің жағдайының ерекшеліктері туралы, бұл атаудың оларға берілу себебі және олардың құрылуы туралы баяндау" деген тарау арнаған. Мұнда Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақты толық қаратқан соң, одап сескенген Керей хан мен Жәнібек Сұлтан Әбілқайырдан қол үзіп, Моғолстандағы Есенбұға ханға келгені айтылады. Есенбұға хан оларды қуана қарсы алып, Моғолстанның батысындағы Шу бойындағы Қозыбасы деген жерден орын береді. Әбілқайыр қайтыс болған соң, оның қыспағын көрген көп жұрт Керей мен Жәнібекке келіп қосылды. "Олардың ұзын саны екі жүз мыңға жетті. Олар өзбек-қазақ деген атқа ие болды. Қазақ сұлтандарының билік құра бастауы 870 (1465) жылдан басталады", - деп жазады. Мұхаммед Хайдар Дулати сонымен қазақ деген халықтың өз мемлекетін құрып, тарихқа дербес ел ретінде енуі танымы терең тарихшының жазуы бойынша 1465 жыл.

Мұнда қазақ халқының құрамына енген ру-тайпалардың таратыла айтылған шежіресі де мол. Мұхаммед Хайдар Дулати нендей кезең, нендей тақырып туралы жазса да шындықты жазады және әрбір жайтқа өзіндік көзқарасын танытып отырады. Мысалы, қазақ хандығы жайындағы жазбаларда рулық, тайпалық тартыстың ел бірлігін бұзып, талай қанды оқиғаларға апарып соқтырғанын ескерте отырып, ел бірлігін сақтауды ең басты нысана етіп алға тартуы - осының айғағы. Мұндай танымы терең, тағлымы мол тұшымды ойлар бүгінгі күнде де өз өзектілігін жоймаса керек. Ғұлама өсиеті - ұрпақтан ұрпаққа жалғасын табар, желісін үзбес ұлы ұлағат болып қала бермек.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің "Тарихи Рашиди" атты ұлы еңбегінің тарих ғылымы және басқа да қоғамдық ғылымдар үшін маңызы өте үлкен. Бұл еңбек ұзақ жылдар бойы қолжазба күйінде қалып келгеніне қарамастан, тарихи деректерінің нақтылығы, дәйектілігі, айқындылығының негізінде шығыс елдерінің ғана емес, Ресей, Еуропа ғалымдарының да назарын өзіне аударумен келеді. Жоғарыда атап өткен белгілі шығыстанушы ғалым, шығыс әлемінің білгірі В.В.Бартольд "Тарихи Рашидиді" мұсылман дүниесіндегі тарихи





## Ғылым майталманы



Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасының қызметін, кейіннен Халық Ағарту Комиссары қызметін атқарған Төлеген Тәжібайұлының ел ішіндегі беделі өте жоғары болды. Қазақ ССР Сыртқы Істер Комиссариаты құрылып, оның тұңғыш басшысы болып тағайындалды. Бұл 1944 жыл еді.

Мәскеудегі Н.Крупская атындағы Академияның үздік бітірген Төлеген осы тұста қайраткерлік, ұйымдастырушылық қабілетін айқын байқатты. Ел басына кун туған Ұлы Отан соғысы жылдары ол Халық комиссарлар Кеңесінің мәдениет саласын басқарумен қатар, Сыртқы істер комиссариаты қызметін қатар атқарған болатын.

### (Соңы. Басы 1,3 бетерде)

Әдебиеттің ең маңызды жәдігері деп бағаланады. Екінші бір орыс шығыстанушысы В.В.Вельяминов-Зернов: "Тарихи Рашидидің" өзі, әсіресе, оның екінші бөлігі өте маңызды еңбек болып табылады. Бұл - Шағатай әулетінің кейінгі тарихы жөніндегі жалғыз дерек көзі. Ондағы деректер нақты әрі шыншыл. "Тарихи Рашидиді" жазушыдан мұндай шыншылдықты күтуге әбден болатын. Оның қоғамдағы орны мен мемлекеттік басқару жүйесіндегі беделі оқиғаларды анық білуге, нақты суреттеуге мүмкіндік туғызғанды", - деп жазды. Және бұл ғалым өзінің қазақ тарихы жайлы еңбектерінде Мұхаммед Хайдардың шығармасын бірден-бір тарихи дерек көзі ретінде молынан пайдаланып отырды.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың асыл туындысы туралы қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлиханов жақсы пікір айтып, ерекше бағаласа, Әлкей Марғұлан Мұхаммед Хайдарды қазақтың тұңғыш тарихшысы деп атаған. Бүгінгі күнде туған елінде Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегі зерттеле бастады. Қазақ ғалымдары А.Асқаров, Т.И.Сұлтанов, Б.Қожабеков, Ә.Дербісалиев, Ә.Байбатша, өзбек оқымыстылары Р.Г.Мухминова, А.Урунбаев, Р.П.Жалилова, Х.Хасанова және тағы басқалардың үлкенді-кішілі еңбектері жарияланды. М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен өткен Бірінші және Екінші халықаралық ғылыми конференциялардың материалдары жарық көрді.

"Тарихи Рашиди" сынды еңбектің тағы бір

Осындай абыройлы қызметтер атқарған Т.Тәжібайұлының Сыртқы Істер Комиссариатын құруда да сіңірген еңбегі елеулі. Министрліктің Жалпы Ереже, құжаттар, жұмыс штағын түгелдей өзі ұйымдастырған еді. Сонымен бірге аталмыш мекемеге кадрлар дайындауға, оның халықаралық байланысын арттыруға, шет елдермен мәдени байланыстарды жандандыруға үлес қосты. Осы қызметте жүріп, Парижде өткен Төрттік Одақтың Герман мәселесіне арналған саммитіне бас кеңесші болып қатысқан. Кейін БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының мәжілісіне Кеңес Одағы делегациясының басшысының орынбасары ретінде сондағы Қамқорлық комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

БҰҰ-ның сессиясына екі рет қатарынан қатысуы оның беделінің одақтас республикаларда да жоғары болғандығына көзімізді жеткізе түседі. Кейін Т.Тәжібайұлы Кеңес Одағы елшілігінің Үндістандағы бас кеңесшісі қызметіне тағайындалады. Сөйтіп, Кеңес-Үнді ынтымақтастығын дамытуға мол үлес қосады. Елшілікте жүріп ол Үнді халқының ауылу азаматтары Дж.Нерумен, И.Гандимен жүзбе-жүз кездесіп, сұхбаттасад.

Әңгімемізге арқау болып отырған қоғам қайраткерінің ғалым ретінде де атқарған ісі ұшан-теңіз. "К.Д.Ушинский

- Ресей педагогикалық-психологиялық мектебінің негізін қалаушы" атты кандидаттық диссертацияның үздік қорғаған оның Қазақстандағы психология ғылымының дамуына да қосқан еңбегі өлшеусіз. Ол Абайтануды дамытуға да үлес қосты. Атап айтқанда, 1957 жылы ғалымның "Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарасы" деген үлкен еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде ол Абайдың психологиялық көзқарасын алғаш рет зерттеді. Үндістанда елшілікте жүргенде "Кеңес психологиясы пәні: зерттеу әдісі, мақсаты" деген кітап жазып шығарды.

Т.Т.Тәжібаевқа Қазақстандағы психология ғылымын дамытудағы еңбегі үшін профессор атағы беріліп, кейін Қазақстанның Ғылым Академиясының академигі болып сайланады.

Ғылым майталманы 1948-1953 жылдар аралығында өзіміздің университет ректоры қызметін абыроймен атқарды. Осында жүріп ол университеттің материалдық-техникалық базасын қалыптастыруда, ұстаз-профессорлар кадрының қатарын көбейтуге көп еңбек сіңірді.

Елуінші жылдардың бас кезінде қазақ зиялылар қауымының басына қуғын-сүргін қайта үйірілгені белгілі. Бұл қара бұлт қазақ білімінің қарашандырағы атанған ҚазМУ-ді де

айналып өтпеді. Университет мұғалімдерін "космополитизм", "ұлтшылдық", "принципсіздік" және тағы басқа жәлалармен қудалау басталды. Әсіресе, М.Әуезов, Е.Бекмаханов, Б.Блюменфельд, Серовайский және тағы басқа көптеген ұстаз-ғалымдар айыпталды. Сол тұста ректор болған Т.Тәжібайұлының қысымшылық көрген мұғалімдерді қызғыштай қорғай білді. Сол үшін партиялық сөгіс те алды. Осындай кедергілерге қарамастан, университет жұмысын үнемі жақсартумен болды.

Белгілі қоғам қайраткері университетімізге басшылық етіп жүргенде комсомол көшесіндегі (қазіргі Төле би) 5-оқу корпусы, 1-жағажана, стадион құрылысы салынды. Қазіргі біздің мақтаншымызға айналған ҚазМУ қалашығын, Студенттер Сарайын салу идеясы да сол тұста айтылған ұсыныстар еді.

Биыл құрылғанына елу жыл толып отырған философия және экономика факультеттерінің ашылуына да тікелей себепші болған Төлеген Тәжібайұлы. Жалпы, оның өмірінде көп іс тындырған, тамаша талантты ғалым, қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ халқының тарихында өз орны бар бік тулға екендігіне оның жүріп өткен өнегелі өмір жолы, атқарған істері дәлел болады.

**З.С.ГАЙПОВ,**  
саясаттану және философия  
факультетінің аға оқытушысы.

ерекшелігін баса айтып өткен орынды. Ол тек тарихи дерек көзі немесе тарихи жазба ғана емес, бұл еңбек - өз тұсындағы мәдениет тарихының да бағалы дерек көзі. Мәселен, онда түркі дүниесінің мақтанышына айналған гераттық Әлішер Науаи туралы мол мағлұмат бар. Мұхаммед Хайдар сол кезеңдегі әдебиет пен мәдениет, білім мен ғылымның көрнекті өкілдерін ғалымдар, ақындар, му"алим шығарушылар, әншілер мен сазгерлер деп бөліп алып, олар жайлы кеңінен мәлімет берген. Сонымен бірге, еңбекте "Сопылық шейхтар" деп аталатын бөлім бар. Бөлім шығыстың классик ақыны Абдрахман Жәмидің есімін еске алудан басталады және ақындар бөлімінде классик ақынға арнайы тоқталады. Жәми мен Науаидың достық қатынастарына көбірек көңіл бөле отырып, сол арқылы олардың ақындық ортасын, өзге ақындармен қарым-қатынасын ашып көрсетеді. Олардың шығармаларының тізімін береді.

Мұның бәрі "Тарихи Рашиди" авторының ақынжанды, рухани жан дүниесі кең, әдеби-мәдени танымы терең жан екенін танытады. Жалпы, "Тарихи Рашиди" өзінің көркемдік ерекшелігі, көріктеу құралдары, тұрақты сөз тіркестерін шебер қолдана білу жағынан көркем туынды, әсіресе, тарихи проза жанры талаптарына да толық жауап береді. Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегінің көркемдік сипатын, тіл шеберлігін бұл еңбекті басқа тілдерге тәржіма жасаған аудармашы ғалымдар да атап көрсетіп отырған. "Тарихи Рашидидің" алғашқы аудармашысы ағылшын ғалымы Э.Денисон Росс оны тарихи мұра ғана емес,

көркем туынды ретінде жоғары бағалаған. Ал замандасы, әрі бөлесі Захридин Мұхаммед бабыр Мұхаммед Хайдар Дулатидың өз дәуірінің дарынды сөз зергері, белгілі ақыны болғанын жазып кеткен.

"Тарихи Рашидиде", "тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін" өлең жолдары, оралымды сөз тіркестері, суреттілік пен бейнелілік мол болғанымен Мұхаммед Хайдар Дулатидың ақындығы көп уақытқа дейін белгісіз болып келген-ді. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында Мұхаммед Хайдардың ақындығын әлемге паш еткен оқиға болды. Азаттық үшін күрескер түрік ұлдарының бірі башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Уәлиди Берлин кітапханасының қолжазба қорынан Мұхаммед Хайдар Дулатидың "Жабаннаме" атты поэмасын табады. Молда Умар ибн Қажы деген кісі 1814 жылы көшірген бұл поэма 125 беттен тұратын көркемдік деңгейі жоғары, көлемді туынды екен. "Алғы сөз" бен "Соңғы сөз" автордың өмірі жайлы деректермен бірге дастанның жазылған жылы, дүниеге келу себебі айтылған. Және Мұхаммед Хайдар Дулати туралы деректер оның өз естелігі ретінде айтылған.

Ахмет Зәки Уәлиди Мұхаммед Хайдар ақындығына жоғары баға беріп, оның тілге шебер, бейнелі де бедерлі ойларын айқын да анық жеткізетінін, оқиғаны тартымды да қызықты етіп баяндайтынын атап өтеді. Ендеше Мұхаммед Хайдар Дулатидың ақындығы - арнайы зерттеудің пәні.

Орта ғасырда өмір сүрген қазақтың ұлы тарихшысы, үлкен ойшылы, кемеңгер саясаткері, көрнекті жазушысы Мұхаммед Хайдар Дулатидың өмірі мен шығармашылығы жайлы қысқаша түйеріміз - осы.



## Работа с абитуриентами: искать резервы в регионах

*Высшее образование в наши дни стало товаром. И с этим нужно смириться: таковы реалии рынка. Другой реальностью сегодня стало резкое увеличение числа высших учебных заведений. Сегодня их насчитывается 133, особенно впечатляет рост негосударственных вузов, количество которых с 1995 года возросло с 32 до 71. О качестве подготовки специалистов в них нельзя судить однозначно.*

С одной стороны, многие «академии» и «университеты» явно не соответствуют своему статусу. С другой стороны, на рынке казахстанского образования уже заявили о себе вузы-частники с неплохой репутацией. Это «Туран», «Адилет», «Кайнар», Казахско-американский университет. Негосударственные высшие учебные заведения охватывают 20,2% от общей численности студентов.

Остальные студенты учатся в вузах - старожилах. Требования времени заставили бюджетные вузы кардинально изменить принципы и методы своей работы. Сегодня наибольшую конкуренцию по подготовке ряда рыночных специальностей составляют Аграрный и Евразийский университеты, КазГМУЯ, КазНТУ, АГУ, КазГАУ и КазГУ.

Обычно хочется сказать о нашем вузе - КазГУ. Он был и остается абсолютным лидером в области подготовки специалистов точных и естественных наук, традиционным лидером в области обучения гуманитарным и рыночным дисциплинам. Подтверждением нашей высокой «марки» является неснижающийся за последние пять лет конкурс при поступлении, высокий уровень научных исследований, авторитетный преподавательский состав.

*Несмотря на то, что в рекламе наш вуз не нуждается, и перед нами сегодня встала проблема привлечения абитуриентов. Ведь как и любое другое высшее учебное заведение, мы заинтересованы в увеличении качественного и количественного состава студентов, обучающихся на договорной основе.*

Традиционно студентами нашего университета, в основном, являются жители южных регионов и единственного

мегаполиса - Алматы. Это объясняется географическим расположением университета. Подобное положение в самом ближайшем будущем может сыграть с нами злую шутку. И вот почему.

Объективные данные свидетельствуют о том, что в связи с переносом столицы, рынок умственной рабочей силы и капитала постепенно будет перемещаться на север Казахстана. В первых двух десятилетиях может быть даже достигнут баланс между двумя столицами. И потребность в специалистах с высшим образованием на юге республики снизится. Это говорит о том, что уже сейчас мы должны стараться закрепить свои приоритеты во всех областях страны.

*А каково положение на сегодняшний день? Имеющиеся в областных центрах вузы не конкурируют с нами в силу известных причин. Основным козырем наших коллег на местах является более низкая плата за обучение. Однако немало казахстанцев, наших потенциальных студентов, аспирантов, магистрантов, предпочитают учиться за границей.*

Судите сами. Свыше трети выпускников школ Южно-Казахстанской и Жамбылской областей обучаются в вузах Ташкента и Бишкека, столько же выпускников семипалатинских, павлодарских и петропавловских школ обучаются в высших учебных заведениях Томска, Новосибирска, Кургана. Около половины (!) абитуриентов из западного Казахстана поступают в вузы Саратова, Самары, Оренбурга и Москвы.

Число казахстанцев, желающих учиться в Узбекистане и Кыргызстане в последнее время несколько уменьшилось. В Узбекистане постепенно сворачивается обучение на русском, казахском и таджикском языках. Так, из 9500 средних школ, русских осталось только 897. В Кыргызстане проигнорировали просьбу казахской общины о создании в БГУ и КГНУ групп с казахским языком обучения. Что касается российских вузов, то они в силу демографических и экономических причин, лояльно относятся к абитуриентам из стран СНГ. Филиалы ряда высших учебных заведений РФ открыты в Алматы, Астане, Шымкенте и Караганде.

Представители вузов России проводят активную профориентационную работу среди старшеклассников. Причем объемом их интересов становится наиболее подготовленная молодежь из обеспеченных семей. В начале апреля 1999 года, например, почти половина учеников одиннадцатых классов 90-ой физико-математической школы Алматы изъявили желание учиться в России. В этот же период, задолго до вступительных экзаменов, немало выпускников 54-ой алматинской гимназии по результатам тестов были зачислены в списки студентов ряда российских вузов.

Приведенные данные говорят в пользу того, что нам нужно в корне изменить профориентационную работу среди старшеклассников. В настоящее время она ограничивается лишь походами преподавателей в алматинские школы. Зачем? Ведь в КазГУ в южной столице прекрасно известен. К тому же в школы вразнобой отправляются представители многих факультетов, что вызывает раздражение у завучей и директоров. На мой взгляд, назрела необходимость переноса тяжести профориентационной работы в регионы республики. Пора приступить к укреплению имиджа КазГУ как уважаемого и интеллектуального университета. На местах нужно умело развенчивать лживый миф о коррумпированности южных вузов. Надо, наконец, систематизировать профориентационную работу факультетов, смелее пропагандировать в СМИ наши научные успехи. И еще. Учитывая психологию сегодняшней молодежи, нужно акцентировать их внимание на описании жизненных и профессиональных достижений наших выпускников. Среди них много ведущих политиков, банкиров и бизнесменов.

*Реализацию принципиально новой профориентационной работы, по моему мнению, следует возложить на Совет молодых ученых и специалистов университета. Энергия и динамизм молодых должны служить общему благу.*

Темирлан ЖИЕНГАЛИЕВ.

## Бүгін магистрант - ертең аспирант

Университетімізде соңғы жылдары үш сатылы оқу жүйесі студенттердің болашағына даңғыл жол аша бастады. Әр факультеттегі бакалавриатура, магистратура, аспирантура бөлімдері ғылымға икемі бар талапкерлерді теориялық біліммен сусындатып, тәжірибелік тағылымдарға үйретуде.

Жақында биология факультетінің магистранты *Есбергенова Жазира* магистрлік диссертациясын үздік қорғап, әрі қарай аспирантураға түсуге мүмкіндік алды.





## Ақыны білім алу үшін төлейді

Оклахома мемлекеттік университеті Америкадағы белгілі де беделді жоғары оқу орындарының бірі. Мұнда жиырма мыңнан астам студент білім алуға. Университеттің халықаралық байланыстар саласындағы жұмысы жоғарғы деңгейге жеткізілген. Қазіргі таңда жалпы университет бойынша 120-ға тарта елдің өкілдері, соның ішінде біздің республикамыздың студенттері де баршылық.

Университеттің әкімшілік орталығы мен негізгі оқу базасы Оклахома штатындағы Стилуотер қалашығында орналасқан. 40 мың адам тұратын бұл қалашық тұрғындарының тең жартысы студенттер. Қаланың атын қазақ тіліне тікелей аударатын болсақ "тыныш су" (still - тыныш, water - су) болып шығады. Айтса - айтқандай даңғаз шудан аулақ, тып-тыныш, жанға жайлы, жұмыс істеуге қолайлы жер.

Американдықтардың үлкен оқу ордаларын арнайы шағын қалашықтарға салуының себебін түсінуге болады. Өйткені мұндай мекендерде халықтың әлеуметтік жағдайын жеделдететін түрлі мүмкіндіктер бар. Оның ең бастысы пәтераның төмен болатындығы. Мысалы: Нью-Йорк қаласында бір бөлмелі шағын пәтерді жалдаушылар айына 1-1,5 мың доллар төлесе, Стилуотердегі студенттер 150-200 доллар төлейді. Тағы бір себебі студенттердің шын мәнінде терең білім алып шығуына мүмкіндік жасау. Жастардың көңілін аударып, білімнен басқа жаққа бұрып әкететіндей "қызық" шоулар мен аттракциондар, түрлі клубтар мұндай қалашықтарға әдейі әкелінебейді. Тып-тыныш. Есесіне кітапханалар мен лабораториялар тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді. Маған қатты әсер еткен бір жай білім алуға жасалған жағдайдың ерекшеліктері болды.

Стилуотердегі Эдмонд заң әдебиеттері кітапханасы Американдық кітапханалардың ортақ сипатын көрсетеді деуге болады. Тәуліктің қай мезгілінде де студенттерсіз

болмайтын бұл кітапхана - шын мәніндегі білім ордасы.

Біз кітапхана дегенде кітап сөрелерін ғана елестете аламыз. Ал Эдмонд кітапханасына кірсеңіз, компьютердің көптігінен бас айналады. Бірнеше қатар етіп ұзыннан-ұзақ тізілген компьютерлердің бос болуы сирек кездесетін жай. Ізденушілер мен студенттер көп уақытын осында өткізеді. Әсіресе Интернет жүйесінің тегін болуы студенттерге орасан мүмкіндіктер береді.

"Интернет" сөзі - халықаралық торап деген



мағынаны білдіреді (inter - халықаралық, net - торап). Бұл қорапқа элементтің әр қиырынан табылатын қисасыз мағлұматтар тоғыстырылған. Кез-келген тақырып төңірегіндегі зерттеу жұмысына қажетті деректерді университет студенттері Интернет жүйесінен кезді ашып-жұмғаша тауып алады.

Интернеттің мұнда дамығандығы кітап оқуға мойын бұрғызбайды деген сөз емес. Кітапхананың оқу залдарында қалың-қалың томдарды қалт жібермей парақтап отырған студенттер де көп. Бір қызығы оқу залдарындағы жағдай біздегіден бөлектеу. Эдмонд кітапханасында үш оқу залы бар. Екінші қабатта орналасқан екі залдың ерекшелігі бірден байқалады. Мұнда біздегідей

орындық пен үстел деген түсінік жоқ. Аумағы атшаптырым оқу залынан әр тусынан отырсаң ортасына түсіп кететіндей мамық креслолар мен дивандар қойылған. Көдімгі демалыс бөлмелері сияқты етіп жан-жағына көркем гүлзарлар орналастырылған. Студенттер оқулық диванда жантайып жатып кітап оқиды. Шаршағандай болса бірауық көз шырымын алып алуға да еркі бар. Тынығып, тыңайып алып оқуды ары қарай жалғастырады.

Студенттердің кітапқа тапсырыстары мүлтіксіз орындалады. Тіпті өзге штаттардағы жеке данасы ғана бар әдебиеттер де жеткізіліп беріледі.

Американдық студенттердің білім алуға құлшынысы ерекше дер едім. Оның өзіндік себептері бар. Бұл елде жоғары білімсіз, мамандықсыз жақсы жұмыс табу қиын. Жақсы қызмет - жақсы тұрмыс келілі. Сонымен қатар оқу үшін төленетін қаржының да ықпалы бар. Оклахома мемлекеттік университетінде әр студент бір жылға 18 мың доллар төлейді. Студенттер сол қаржыға лайықты білім алып шығуға талпынады. Осы мәселеге келгенде біздегі жағдай мені еріксіз таңдандырады. Біздің студенттеріміздің арасындағы нашар оқитындардың басым көпшілігі коммерциялық бөлімнің студенттері екені рас. Шынтуайтына келгенде өзі қаржы шығарып оқитын студенттер жақсы білім алуға ұмтылуы керек қой. Қаржы не үшін төленеді? Деген сұрақтың төңірегінде кейбір студенттер дұрыс ойланбайтын сияқты. Бардың санатында жүріп, әйтеуір диплом алып шығуға болатын шығар, бірақ шын мәніндегі білімді ешкім сатып ала алмайды. Қаржы сол білімді игеруге мүмкіндік алу үшін төленбей ме? Америка студенттері бұл мәселеге осы тұрғыдан қарайды.

Әрине, Америкадағы жағдай да, түсінік те біздегінен өзгешелеу. Бірақ келешекте терең білімді маман болып шығу студент атаулыға ортақ мақсат болуы тиіс.

Темірғали КӨПБАЕВ.

### Ричард Фэллойс,

Оклахома мемлекеттік университетінің докторанты:

## "Американдық абитуриенттің артықшылығы жоқ..."

Ричард Фэллойс 1972 жылы 24 наурызда туған. Нью-Жерси штатының Рамси қаласындағы Донбаск мектебін бітірген. Университетіміздің халықаралық журналистика кафедрасында 2-семестр бойы арнаулы курс және Еуропа, АҚШ журналистикасының тарихы пәндері бойынша дәріс оқыды.

- Ричард, американдық абитуриенттер жоғары оқу орындарына қалай қабылданады?

- Мектепті бітірер жылы жоғары оқу орнына жолдама алу үшін арнайы тест бойынша сынақтан өтеді. Осы сынақта алған баллы мен мектепте алған бүкіл бағасы саналады. Бұл - бір. Екінші - мектепте атқарған қоғамдық жұмыстары ескеріледі. Бұған да балл қосылады. Осылар көрсетілген құжатпен қалаған

университетіне барады. Онда тағы да анкеталық сұрақтарға жауап береді және қосымша қажетті құжаттар толтырады. Мұның бәрін 10-12 мүшесі бар қабылдау комиссиясы тексереді. Комиссия қорытындысында үш-ақ сөз жазылады: 1. Қабылдандыңыз. 2. Қабылданбадыңыз. 3. Қосымша хабар күтіңіз.

- Оқу ақылы ма? Ақпаны кім төлейді?

- Иә. Егер абитуриенттің барлық жинаған баллы өте жоғары болса,

мемлекеттік, университеттік талапқа толық жауап берсе, онда оған университеттің өзі ақы төлейді немесе мемлекет несие береді. Оны оқуды бітірген соң өтейсіз. Ақы төлеудің үшінші жолы - демеушілердің көмегіне жүгініп, ондай жағдай болмаса, өке-шешеніңіздің қаржысымен оқисыз. Кейде 18 жасқа толғанша өзіңіздің жеке есепшотыңызға жинаған қаржыңызды пайдаланасыз. Бірақ, бұл тым сирек.

- Егер абитуриент жоғары оқу орнына түсе алмады, баллы төмен болды дегенді. Онда?..

- Екі жылдық аудандық колледждерге талсырады. Бірақ, онда бакалавриаттың жартысындай ғана білім береді.

- Біздің абитуриенттерден американдық абитуриенттерден артықшылығы бар ма?

- Меніңше, бәлендей артықшылығы жоқ. Сіздерде оқуға түсуге мүмкіндік әлдеқайда жоғары.

Сұхбаттасқан С.МЕДЕУБЕКҰЛЫ.

# Я беседовала с Ануаром Алимжановым

Не удивляйтесь, такие приемы в журналистике не новы. Вспомним хотя бы знаменитое интервью-памфлет Азиза Несина "Я разговаривал с Ата-Беким". Так что духовно-трансцендентальная связь с ушедшими мирами и истинно-пространственное измерение никогда не прерывается. А если всерьез, то я, просто, попыталась воссоздать найвостребованный разговор, опираясь только на произведения самого писателя.



Мой дед, моя бабушка, мой отец тоже из Вашего аула...

А.А.: - Детские впечатления - это бесценное сокровище человеческой памяти. Даже тогда, когда седина окрасит твои волосы, память не устает раскрывать великий смысл увиденного и услышанного в детстве.

... Это было в годы войны. Все мужчины нашего маленького аула, приютившегося на склоне отрогов Джунгарских гор, ушли на фронт. Снежная, вьюжная и необычайно холодная зима обессилила женщин и детей. Все заботы о жизни аульчан легли на плечи стариков. Да и старики-то в нашем ауле, который носил имя маленькой жизнерадостной птички - карлыгаш (ласточка), было не больше десяти.

Но десять стариков на сорок или пятьдесят дворов - это была сила! Самый крепкий из них Камза еще глубокой осенью угнал небольшой табун колхозных кобылиц в далекие пески на зимовку; другой - Жакып - хозяйничал в соседнем ущелье, где на старой базе содержались колхозные коровы. Остальные во главе с председателем - тоже стариком - чинили телеги и сани, возили и райцентр для отправки на фронт последнее зерно.

Весной сорок третьего года к нам в аул привезли детей, прибывших с Украины и из Подмосквья. Улыбаясь сквозь слезы, не зная ни слова по-русски, ни по-украински, женщины аула увели малышей в свои дома...

С тех пор прошло много, много лет... Я знал всех людей в ауле. Знал, как встретили они жуткую весть о войне, как встречают похоронки.

Я видел безудержно веселый, лихой праздник усталых, измотанных, исхудалых моих земляков - праздник Победы.

Корр.: - Моя бабушка со слезами на глазах рассказывала о тех лихих годинах. Люди были тверже кремня. Их тогда сплотила Вера в будущее, Вера в Справедливость. И еще. Рядом были друзья, на которых можно было

положиться, иначе человек-одиночка мог бы погибнуть.

А.А.: - Не только человек, но и целый народ может погибнуть, если у него нет друзей, если он одинок, если его окружают лишь враги. История тому свидетель многократный.

Царство тангутов было не очень большим, но жил там народ, великий по духу, по степени развития культуры. Гордый, непоколебимый и смелый народ. Темучин в самом начале своих завоевательных походов вознамерился поработить его, но не смог - ни силой, ни хитростью. Все земли вокруг тангутского царства были покорены захватчиками. Тангуты оказались в кольце врагов, но не признали над собой чужой власти. Они продолжали сражаться в одиночестве.

До конца своей жизни, - где бы он ни находился, в походе или на отдыхе, - Темучин продолжал борьбу с тангутами. Они пугали его. Тангутский народ не сдался. Он погиб непобежденным. И унес с собой тайну своей великой культуры.

Такова судьба народа - одиночки. Такова же и участь человека без друзей.

Корр.: - По определению А. Байтурсынова, наше время - наследие прошлых лет, а грядущее - дитя нашей эпохи. А что Вы можете сказать о преемственности поколений, о своих учителях?

А.А.: - Казахи говорят: - "Жаксы эке жаман балаға қырық жыл азық". Если сделать смысловой перевод этих строк, то они прозвучат примерно так: "Добрые дела, доброе имя отца - надежная пища и защита для сына".

Можно, конечно, по-разному толковать эти слова. Но никто не может отрицать ту философскую суть, ту мудрость, которую вложил в них народ.

Я это говорю потому, что сегодня, хотя и нет с нами Мухтара-ага, он все же помогает нам, как живой, ежедневно в наших практических делах не только потому, что мы учимся у него мастерству художника, учимся не только познавать жизнь, но и, как он, научно осмысливать увиденное, анализировать добытое в архивах, а еще и потому, что он умножил число наших друзей, друзей нашей литературы, культуры нашего народа.

Корр.: - История - категория не конъюнктурная, а конкретная. Полная, каноническая история Казахстана еще не написана. Но сейчас пишут ее, как мне кажется, не бекмахановы, а беки по понятиям. Если так, то надо ли любить историю?

А.А.: - "Нужно ли любить историю?" - вопрос довольно-таки странный, хотя бы



потому, что историю нужно знать, история это наша память. Представьте себе человека без памяти, человека, который ничего не знает о прошлом, и ли школьника,

который перейдя во второй класс, забыл все, чему его учили в первом классе. Только память, только знание прошлого делает нас полноценными людьми.

Отдавая дань уважения великим гуманистам ушедших веков, вспоминая имена людей, чьи дела и труды содействовали прогрессу человечества, создавая книги об их жизни, об эпохе, в которой они творили, мы снова и снова подтверждаем свою причастность к духовным сокровищам прошлого, ибо память о прошлом - основа человеческого разума.

Корр.: - Ануар-ага, Вы, как журналист-международник побывали в непростые времена в Африке, на Ближнем Востоке, в Индии и Америке в каждой стране свои проблемы: экономические, политические, межнациональные. Эти вопросы где-то решаются демократическим путем, где-то - жестковато. Одним словом, поведение лидеров наши далеко не безупречно.

А.А.: - Когда появился Македонский, Аристотель начал искать оправдание его тирании. До конца своей жизни развивал он эту теорию расового превосходства эллинов. Нет в мире талантливых и неталантливых народов. Все люди одинаковы.

Побеждать в открытом бою легче, чем драться среди своих, продираться сквозь внутреннее противоречия своей нации. И как подтверждают факты, вожди редко уходят с арены сами. Их меняют. Свергают. Любой просчет, любая ошибка вождя становится роковой для народов и для него самого.

Алия КАМЗИНА,  
студентка I курса  
международного отделения  
факультета журналистики.

Состоится защита  
30 июня в 14.00. часов на  
заседании Диссертационного совета  
К14А.01.19. состоится защита по  
присуждению ученой степени  
кандидата филологических наук при  
КазГУ им. аль-Фараби на тему:  
"ПУБЛИЦИСТИКА АНУАРА  
АЛИМЖАНОВА" соискателя  
кафедры истории журналистики  
старшего преподавателя  
Есдаулетова Айтмухамбета.



## Филология факультеті

"...Факультет үшін тиісті мамандықтар бойынша ақылы оқу жүйесін қалыптастырып, дамыту басты қажеттілік болып табылады.

Оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу куралдарының жаңа легін жасаудың ғылыми және практикалық маңызы жоғары.

Оқу процесін, ғылыми жұмысты компьютерлендіру факультет алдындағы асуы қиын белестердің бірі болып қалып отыр".

## Кафедралар:

Қазақ әдебиеті; қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны; жалпы тіл білімі; қазақ филологиясы; орыс филологиясы; қазақ тілі; орыс тілі; орыс және шетел әдебиеті.



**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,**  
филология  
факультетінің  
деканы,  
филология  
ғылымдарының  
докторы,  
профессор



**Тілекқызы РАМАЗАНОВ,**  
физика факультетінің деканы,  
физика-математика ғылымының  
докторы, профессор:

- Қазіргідей физик мамандарды заман талабына онша қажетсіней тұрған кезеңде, оларды даярлайтын мекеменің тұтқасын ұстаған қиынға түседі. Дегенмен, бұл ғылым саласындағы еліміздің жетістіктерін бір кездері әлем мойындаған. Оқу деңгейімізді сақтап қалу үшін ҰЖМ тарапынан үлкен түсіністік қажет. Мысал ретінде Оңтүстік Кореяны алуға болады. Жылдар бойы отандық емес, сырттан келген мамандардың, технологияның күшімен дамуға болған олар мұның қате екендігін аңғарды. Мен Қазақстан да осы тәжірибені қайталай ма деп қорқамын...

## Оқу жүйесі

Филология факультетінде жоғары білімді мамандарды даярлау көп сатылы оқу жүйесі бойынша жүргізіледі: а) бакалавриат; ә) магистратура; б) дәстүрлі бес жылдық университеттік білім; в) екінші жоғары білім.

**Бірінші оқу сатысы (бакалавриат)** бойынша жоғары білімді мамандар мына мамандықтар бойынша даярланады: а) Қазақ тілі мен әдебиеті; ә) Орыс тілі мен әдебиеті; б) Әдеби шығармашылық. Факультеттің түлектеріне тиісті мамандық бойынша біліктілік және оған қосымша филология бакалаврының академиялық дәрежесі беріледі. Оқу мерзімі - 4 жыл.

Факультетте "Әдеби шығармашылық" мамандығының **халықаралық бөлімі** бар. "Әдеби шығармашылық" - Қазақстанның басқа жоғары оқу орындарында жоқ, тек әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетінде ғана бар жаңа мамандық. Бұл мамандық бойынша оқу бітірген түлектерге дәстүрлі бес жылдық оқу деңгейінің дипломы тапсырылып, "Шет тілін меңгерген әдебиет маманы. Әлем әдебиеті мен риторика оқытушысы" деген біліктілік беріледі. Оқу мерзімі - 5 жыл. Маманның кәсіби қызмет бағыттары мынадай: а) әдеби шығармашылық саласындағы шығармашылық және ұйымдастыру жұмыстары; ә) кәсіби әдеби-шығармашылық қызмет; б) аудармашылық іс және іс жүргізу (қазақша-орысша, ағылшынша); в) жоғары және орта оқу орындарында әлем әдебиеті (қазақ, орыс, Еуропа, Америка, Азия, Африка, ТМД әдебиеті) мен риторика оқытушысы. Түлек бұл қызметтерді шет тілінде атқаруға да құқылы. Сонымен қатар түлек компьютермен жұмыс істеуге үйреніп, тиісті білім мен дағды алады әрі онда ең жаңа бағдарламаларды пайдалана отырып, түрлі салада қызмет атқарады, жазушылар одағы, әдеби-көркем, ғылыми-филологиялық басылымдарда, газет, журнал, радио, теледидар, баспас секілді шығармашылық мекемелердің әдебиет пен өнер, мәдениет редакцияларында әдеби қызметкер болып жұмыс істейді.

Факультет жоғары білімді мамандарды "Тілмаштық іс пен мемлекеттік тілде іс жүргізу және оны компьютерлендіру" мамандығы бойынша қайта даярлап шығарады. Оқу мерзімі - 2,5 жыл. Аталған мамандық бойынша оқу бітірген түлектерге "Аудармашы. Қазақ және орыс тілдерінде іс жүргізу маманы" деген біліктілік беріледі. Маманның кәсіби қызмет бағыттары мынадай: а) аудармашылық іс; ә) мемлекеттік тілде іс жүргізу; б) компьютерде жұмыс атқару. Маманның қызмет салалары: а) мемлекеттік кәсіпорны; ә) мемлекеттік емес кәсіпорны; б) шетел фирмалары мен компаниялары; в) отандық фирмалар мен компаниялары, т.б. Сонымен қатар маман мына пәндердің оқытушысы болып қызмет атқара алады: а) мемлекеттік тілде іс жүргізу; ә) мемлекеттік тілде іс жүргізуі компьютерлендіру; б) аударма ісі (теориясы мен практикасы).

Аталған мамандықтар бойынша күндізгі және сырттай оқу бөлімдері бар.

## Оқытушы-профессорлар құрамы

Факультет құрамындағы 9 кафедрада 30 ғылым докторы, профессор, 60 ғылым кандидаты, доцент қызмет атқарады. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының 3 толық мүшесі (академик), 2 корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп Ғылыми академиясының 2 толық мүшесі (академик), 1 корреспондент-мүшесі, 1 халық жазушысы, жазушылар одағының 10 мүшесі бар.

Факультетте студенттердің ғылыми қоғамы, жас ғалымдардың кеңесі, "М.Әуезов және әлем әдебиеті" ғылыми-теориялық конференциясы тұрақты жұмыс істейді. "ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы" ай сайын шығып тұрады. Онда магистранттардың, аспиранттардың, ғалым-ұстаздардың зерттеулері жарияланады.

## Студент өмірі

